

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 сәуірдегі N 505 қаулысы.

"Орталық және жергілікті атқарушы органдардың көрсеткен қызметтері үшін төлемдер алуды ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1745 қаулысын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 53, 514-құжат) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі кейбір шешімдерінің қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес күші жойылған деп танылсын.
3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар бұрын қабылданған шешімдерді осы қаулыға сәйкестендірсін.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
1 9 9 7      ж ы л ғ ы      8      с ә у і р д е г і  
N      5 0 5      қ а л ы с ы м е н  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1 .                      < \* >

**ЕСКЕРТУ.** 1-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1999.04.26. N 476 қаулысымен .

2. "Жол қозғалысы хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 23 қарашадағы N 967 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 45, 654-құжат) бекітілген "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясы туралы Ережедегі:

1 4 - т а р м а қ т а :

жиырма жетінші абзацтағы "сондай-ақ жол қозғалысы саласында кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға және азаматтарға әртүрлі ақылы қызмет көрсетуге" деген сөздер алынып тасталсын;

отыз бірінші абзац алынып тасталсын.

3 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 3-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2003.04.17. N 367 қаулысымен .**

4. "Республикадағы машина-трактор паркінің техникалық жайына мемлекеттік қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 тамыздағы N 735 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 33, 383-құжат) 5-тармағының екінші абзацы алынып тасталсын.

5. **(5-тармақтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .)**

6. <\*> **6-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен .**

7 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 7-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.07. N 708 қаулысымен .**

8 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 8-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.09. N 124 қаулысымен .**

9 . < \* >

**Ескерту. 9-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.01.06. N 168 қаулысымен .**

10. "Стандарттау және сертификаттау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 қыркүйектегі N 1259 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 30, 377-құжат) 1-тармағының төртінші, жетінші-оныншы абзацтары алынып тасталсын.

11. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .**

12. "Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 ақпандағы N 225 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 9, 64-құжат) 6-тармағының екінші абзацы алынып тасталсын.

13. "Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 ақпандағы N 225 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 9, 64-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы Ереженің 5-тармағының жиырма алтыншы абзацы алынып тасталсын .

14. "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 наурыздағы N 370 P960370\_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 13, 106-күжат) бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы Ереженің 6-тармағының жиырма екінші абзацтары алынып тасталсын.

1 5 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 15-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.09. N 124 қаулысымен**

16. "Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 тамыздағы N 985 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 33, 312-күжат) бекітілген Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі Ұлттық комиссиясы туралы Ереженің 11-тармағындағы "сондай-ақ осы ережеге сәйкес басқа да қызмет түрлерінен алынған табыстар есебінен жүзеге асырылады" деген сөздер алынып тасталсын.

1 7 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 17-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.09. N 124 қаулысымен**

1 8 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 18-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.29. N 373 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 8 сәуірдегі  
N 505 қаулысына  
қосымша

### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің ТІЗБЕСІ**

1. "Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті бөлімшелерінің бірлестіктерге, кәсіпорындарға, ұйымдарға және басқа да шаруашылық субъектілеріне ақылы қызмет көрсетуі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 30 қазандағы N 924 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 43, 639-құжат) .

2. "Табиғат қорғау Заңдарын сақтау жөніндегі бақылау - инспекциялық қызметтен

алынатын қаржыны қалыптастыру тәртібі мен жұмсау бағыттары жөніндегі Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 қазандағы N 112 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 41, 447-қ ұ ж а т ) .

3. "Сәулет-қала құрылысы құжаттамаларын сараптау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 желтоқсандағы N 1395 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 46, 517-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылыс, кеңейту, қайта жаңарту, техникалық қайта жарақтандыру және объектілер мен кешендерді күрделі жөндеуге арналған сәулет-қала құрылысы құжаттамаларын сараптау мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне енгізіліп отырған өзгерістердің 3-тармағы.